

1994 жылды туған азаматтарды шақыру участкесіне тіркеуді жүргізу туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы Жарма ауданы әкімінің 2010 жылғы 10 желтоқсандағы № 23 шешімі. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Жарма аудандық әділет басқармасында 2010 жылғы 24 желтоқсанда № 5-10-108 тіркелді. Қабылданған мерзімінің бітуіне байланысты күші жойылды - Жарма ауданы әкімі аппаратының 2011 жылғы 11 мамырдағы № 1113 хаты

Ескерту. Қабылданған мерзімінің бітуіне байланысты күші жойылды - Жарма ауданы әкімі аппаратының 2011.05.11 № 1113 хаты.

Жарма ауданының шақыру участкесіне 1994 жылды туған азаматтарды тіркеуді өткізу мақсатында Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі № 74 «Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы» Заңының 17, 18 және 44 баптарын, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 33 бабы 1 тармағы 13) тармақшасы, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 5 мамырдағы № 371 «Қазақстан Республикасында әскери міндеттілер мен әскерге шақыруышыларды әскери есепке алуды жүргізу тәртібі туралы ережені бекіту туралы» қаулысын басшылыққа ала
о т ы р ы п ,

Ш Е Ш Е М И Н :

1. Жарма ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімінің шақыру участкесіне тіркеу жылды он жеті жасқа толатын, сондай-ақ шақыру участкесіне бұрын тіркелмеген Қазақстан Республикасының ерек жынысты азаматтарын тіркеу 2011 жылдың қаңтар-наурызында өткізілсін.

2. Шақыру участкесіне тіркелетін 1994 жылды туған азаматтарды медициналық куәландыру 2011 жылдың 25 қаңтарынан 2011 жылдың 31 наурызы аралығында жүргізілсін.

3. «Жарма ауданының № 1 медициналық бірлестігіне» КМҚҚ (Т. Брынзова, келісім бойынша) төмендегі ұсынылсын:

1) медициналық куәландыруды өткізу үшін қажетті мөлшерде маман-дәрігерлер мен орта буын медициналық қызметкерлер белу;

2) жатып емделетін орындарда, емдеу-сауықтыру мекемелеріне тіркеу жөніндегі комиссияның жолдамалары бойынша азаматтарды қосымша тексеру үшін бос орындар ұстау;

3) қажетті мөлшерде медициналық аспаптармен, мұлікпен қамтамасыз ету;

4) тіркеу участкесіне тіркеу жүргізіліп, емделуге мүқтаж шақыруышылардың

тізімдері тапсырылған соң, оларды емдеу мекемелеріне бекітіп, толық емделіп шығуын ұйымдастыры.

4. Аумактық бірлікті әкімдері тіркелуге тиісті азаматтарды ауданың қорғаныс істері жөніндегі бөліміне шақырылғандығы туралы хабардар етуге және олардың дер кезінде келуін ұйымдастырысın.

5. «Жарма ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі (А. Өмірзақов) мүгедек деп танылған барлық адамдар туралы мәлімет берсін.

6. «Жарма ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі (Н. Есполов) міндеттесін:

1) әскери оқу орындарына үміткерлерді іріктең және білім деңгейін тексеру;

2) әскери техникалық мамандық бойынша даярлауға үміткерлер іріктелу.

7. Жарма ауданының ішкі істер бөлімі (Ұ. Шарипов, келісім бойынша) төмендегі ұсынылсын:

1) бұрын сотталған немесе жазасын өтеп жүрген, қоғамға жат әрекеттері мен басқадай қылмыстары үшін тергеуде жүрген, тіркелуге тиісті азаматтар туралы қорғаныс істері жөніндегі бөлімге хабарлау;

2) Қазақстан Республикасының «Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы» Заңын орындаудан жалтарып жүргендерді іздестіруді және ұстауды өз құзіретті шегінде жүзеге асыру.

8. Осы шешімнің орындалуына бақылау жасау аудан әкімінің орынбасары С. Брынзовқа жүктелсін.

9. Осы шешім алғаш ресми жарияланған күннен кейін он құнтізбелік күн откен соң қолданысқа енгізіледі.

Жарма ауданының әкімі

T. Қасымжанов

Келісілді:

<i>Жарма ауданының қорғаныс істері</i> жөніндегі бөлімнің бастығы	<i>F.</i> 10 желтоқсан	<i>Дайра баев</i> 2010 ж.
<i>Жарма аудандық ішкі істер бөлімнің бастығы</i>	<i>Y.</i> 10 желтоқсан	<i>Шарипов</i> 2010 ж.
<i>Жарма ауданының № 1 медициналық бірлестігінің директоры</i>	<i>T.</i> 10 желтоқсан 2010 ж.	<i>Брынзова</i>

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заннама және
құқықтық ақпарат институты» ШІЖКРМК